

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Білім беру бағдарламасының нөмірі мен атауы	6B06123 «Денсаулық сақтаудағы IT»
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Денсаулық сақтау саласында қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді жобалау, құру, әкімшілендіру, пайдалану және сүйемелдеу саласында білікті мамандарды даярлау.
Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	«Семей медицина университеті» КЕАҚ-мен бірлесіп әзірленген ББ инновациялық болып табылады, ББ түлектері медицина саласында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі қағидаттарын қолдана алады; медицинада заманауи ақпараттық технологияларды әзірлеу және енгізу, эксперименттік және клиникалық-диагностикалық деректерді өңдеу үшін математикалық әдістер мен заманауи қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану; медицинада 3D модельдеу мен нейрондық желілерді қолдану мүмкіндігіне ие болады.
Білім беру бағдарламасының аккредитациясының болуы	Куәлік № 2022 КЕ 0569, 29.06.2027 ж. дейін жарамды
Берілетін академиялық дәреже	«6B06123 Денсаулық сақтаудағы IT» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Түлектің кәсіби қызметінің объектілері: : - Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы, оның Қазақстан қалаларында орналасқан филиалдары; - Денсаулық сақтау мекемелері (ауруханалар, емханалар, денсаулық орталықтары, мамандандырылған орталықтар) - Ғылыми-зерттеу ұйымдары, оқу орындары (медициналық колледждер).